

Бекіткен
Қазақстан Республикасы Ақтөбе қ.
Әкімдігінің
«Мір» мектепке дейінгі балаларды
дамыту орталығы
Менгерушісі: Б.Омарова Ж.О



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқырудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқырудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-арекеттің
Перспективалық жоспары**

ім беру ұйымы : МБДО «Мір» л/сынып: Ересек топ (Самұрық) балалардың жасы: 4 жастағы балалар балалардың құрылу кезеңі: Қыңтар айы 2025 жыл Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жаппы дамытушы жаттығулар: Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру, белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүту және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зағ ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Негізгі қимылдар: сапта бір-бірімен жүру «жыланша», шашырап жүтіру; 50 сантиметр бйіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасыныңбйіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру бағыт бойынша түзелу Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Спорттық жаттығулар: Шанғымен жүру: шанғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шанғыны киіп, шешу. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерінсаналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секірітптермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Сағауатты өмір салтын қалыптастыру: Дене белсенділігі (танертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Дербес қимыл белсенділігі: Бағалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылдыойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Бағаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар аштында, деретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен сон құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ықпайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс ату жолдарын шынықтыру.

Сөйлеуді дамыту

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жанытпаптар айтқызу.

Сөздік қор.

Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.

Тілдің грамматикалық құрылымы

сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету

Байланыстырып сөйлеу.

Балаларды әңгіме айтуға үйрету:

түрлі балалар әрекеттерінде бейнеленген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу.

Көркем әдебиет

Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлі пікірлерді (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейрімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.

Қазақ тілі

Тілдік дамытушы орта

бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйтей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, Ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.

Сөздік қор

Төрт түлкілі бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру:

«қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлкі иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.

Тілдің грамматикалық құрылымы

үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету

	Байланыстырып сөйлеу Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру
Математика негіздері	Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді дамыту. Сан, санау: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Жуандығы бойынша заттарды салыстыруды үйрету Геометриялық пішіндер: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды меңгерту (жоғары-төмен, қалың-жуқа). Кеністікте бағдарлау: Кеністік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды он қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (тәңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Сурет салу	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақтағаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солданонға пішінін шеткі сызығынан шықпай ырақты түрде бояуды қалыптастыру.
Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру.
Жансыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды киноға немесе өз бетінше ойдан қып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «легó» конструкторлардан құрастыру: Құрылыс бөлшектеріне ұқшатылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орынына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. Қағаздан құрастыру: Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету

Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, ешекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін дамыту.

Музыка

Музыка тыңдау:

Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, бау, жылдам)

Ән айту:

Әуенді таза және сөздерді

анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуісіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).

Музыкалық-ырғақтық қимылдар:

Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүреlep отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуді меңгерту

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:

Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап сазсырнайды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауға мүмкіндік беру

Билер:

Жүлпен би қимылдарын орындауды, билерде ойнайды музыкалық қимылдарды қолдануды қалыптастыру.

Қоршаған ортамен

таныстыру

Бағла, оның отбасы, үйі:

Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру).

Заттық әлем:

Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жердем, өрт сөндіру машинасы) білу

Байланыс және қозғалыс құрылдары:

Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.

Еңбекке баулу

Жақындыарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.

Менің Отаным – Қазақстан.

Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.

Жолда жүру ережелері.

Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру.

Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.

Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жанбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпіркосақ, боран) кеңейту.

Өсімдіктер әлемі.

Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының

манызы туралы білімдерін қалыптастыру.

Жануарлар әлемі.

Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді:

қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігін түсіндіру

Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.

Бағалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету.

Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтуды қалыптастыру.